

Павлодар облысы әкімдігінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 4 және Павлодар облыстық мәслихатының 2012 жылғы 15 маусымдағы № 58/5 "Павлодар облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 2 бірлескен қаулысы және Павлодар облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 148/12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 сәуірде № 27737 болып тіркелді

Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 4 және Павлодар облыстық мәслихатының 2012 жылғы 15 маусымдағы № 58/5 "Павлодар облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3212 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулы мен шешімнің тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Павлодар облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы";

көрсетілген бірлескен қаулы мен шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Павлодар облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері белгіленсін.";

көрсетілген бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасы осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

Павлодар облыстық мәслихатының хатшысы

А. Скаков

Е. Айткенов

Павлодар облысы
әкімдігінің 2022 жылғы
14 сәуірдегі № 2 мен
Павлодар облыстық
мәслихатының 2022 жылғы

14 сәуірдегі № 148/12
 бірлескен қаулысы мен
 шешіміне қосымша
 Павлодар облысы
 әкімдігінің 2012 жылғы
 15 маусымдағы № 4 және
 Павлодар облыстық
 мәслихатының 2012 жылғы
 15 маусымдағы № 58/5
 бірлескен қаулысы мен
 шешіміне қосымша

Павлодар облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері

гектар

№ р/с	Қалалар мен аудандардың атауы	Бір әкімшілік аудан (қала) құқығы болуы мүмкін шегінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері:				Уақытша өтеулі жер пайдалану			
		Жеке меншік		Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның аффилиирленген тұлғаларында		Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін		Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның аффилиирленген тұлғаларында	
		Барлығы	Оның ішінде суару	Барлығы	Оның ішінде суару	Барлығы	Оның ішінде суару	Барлығы	Оның ішінде суару
1	Павлодар қаласы	1	1	1	1	1	1	1	1
2	Екібастұз қаласы	60	1	60	1	60	1	60	1
3	Ақсу қаласы	34	1	34	1	34	1	34	1
4	Ақтоғай ауданы	51	1	51	1	51	1	51	1
5	Баянауыл ауданы	50	1	50	1	50	1	50	1
6	Железин ауданы	31	1	31	1	31	1	31	1
7	Ертіс ауданы	36	1	36	1	36	1	36	1

8	Тереңкөл ауданы	23	1	23	1	23	1	23	1
9	Аққулы ауданы	31	1	31	1	31	1	31	1
10	М а й ауданы	66	1	66	1	66	1	66	1
11	Павлодар ауданы	15	1	15	1	15	1	15	1
12	Успен ауданы	32	1	32	1	32	1	32	1
13	Шарбақты ауданы	21	1	21	1	21	1	21	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК